

ӨОЖ 81.04

ГТАХР 16.21.47

<https://doi.org/10.48371/PHILS.2025.3.78.013>

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ МЕН ҚЫРҒЫЗ ЕСІМДЕРІНДЕГІ ӨЗАРА ҰҚСАСТЫҚТАР

Құрбанов А.Г.¹, Кажиакбарова Р.Б.², *Арынбаева Д.Ж.³

^{1,2, *3} Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық
университеті, Шымкент, Қазақстан

Аңдатпа. Бұл зерттеу түркі тілдес халықтардың антропонимикалық жүйесіндегі тарихи, мәдени және лингвистикалық байланыстарды айқындауға бағытталған. Мақалада түркі халықтары мен қырғыз халқының есім жүйесі арасындағы өзара ұқсастықтар жан-жақты қарастырылады. Түркітілдес халықтардың ортақ тарихи тамыры мен мәдени құндылықтары есімдер жүйесінде кеңінен көрініс табатыны талданады. Зерттеудің басты мақсаты — қырғыз есімдерінің шығу тегі мен құрылымын басқа түркі халықтарының есім жүйелерімен салыстыра отырып, ортақ белгілер мен айырмашылықтарды саралау арқылы олардың рухани және мәдени жақындығын, тарихи сабақтастығын айқындау. Негізгі идея – түркі халықтарының антропонимдік қорында ұқсас морфологиялық және семантикалық құрылымдардың жиі кездесетінін көрсету. Зерттеу міндеттері – қырғыз антропонимдерінің шығу тегі мен құрылымын анықтау; түркі халықтарының есім жүйелерімен салыстыра отырып, ортақ және айырмашылықты белгілерді айқындау; есімдердегі тарихи-мәдени, этнолингвистикалық мәнді талдау; фольклор мен эпостық дәстүрдің қазіргі есімдер жүйесіне ықпалын көрсету.

Зерттеу барысында салыстырмалы-тарихи, сипаттамалық және этнолингвистикалық әдістер қолданылды. Түркі халықтарының (қазақ, өзбек, түрік, әзербайжан, татар, башқұрт және т.б.) есімдеріне шолу жасалып, қырғыз есімдерімен салыстырмалы талдау жүргізілді. Мысалы, «Жылдыз», «Тәңірберген», «Байрам», «Өмірбек», «Бүркіт» сынды есімдердің түрлі нұсқалары әртүрлі түркі халықтарының есімдік қорында кездесетіні көрсетілген. Сонымен қатар, батырлық эпостар мен фольклор үлгілеріндегі есімдердің қазіргі заманғы есімдер жүйесіне ықпалына да назар аударылады. Ең жиі кездесетін есім түбірлері мағыналық ұқсастықтар мен этникалық кодтар зерттеу нысанына айналды.

Зерттеу нәтижесінде қырғыз есімдеріндегі көне түркі элементтерінің сақталу дәрежесі жоғары екені анықталып, көптеген есімдердің түркі халықтарында ортақ қолданыста екені дәлелденді. Жұмыстың ғылыми және практикалық маңызы – түркі мәдениетін, ономастикалық үрдістерді, тарихи

тамырластықты терең түсінуге мүмкіндік беруінде. Зерттеу барысында есімдердің тек атау ретінде ғана емес, белгілі бір тарихи кезеңнің, дәуірлік сананың, ұлттық болмыстың айнасы екендігі көрсетіледі.

Тірек сөздер: түркі халықтары, қырғыз есімдері, ономастика, тарихи байланыс, антропонимия, есімдердің мағынасы, есімдер ұқсастығы, этнолингвистика

Кіріспе

Қырғыз тілінде де түркі тілдері сияқты есім сөздерді пайдалану барысында ерте кезден-ақ мағыналы сөздердің қолданыста болғанын зерттеу жұмыстары дәлелдеп отыр. Бірақ олардың кейбіреулері көне заманнан келуіне байланысты бастапқы мағынасы ескіріп, ұмыт болып, халық санасында тұрақталып қалмады.

Қырғыз тілінде адамның аты жай сөз немесе сөз тіркесі емес. Адам есімі кісіге ат қоюда өзіндік мәні бар. Оның аты-жөні, қандай жағдайда, кімдер арқылы қойылғанының мәні мен мағынасы ерекше. Сонымен бірге жалқы есім нені білдіреді? Оның мағынасы қандай? Тілегі қандай? Қырғыз есімдерінің тарихы мен әдет-ғұрыптары, ұлттық есімдерге ықпалы – бөлек қарастырылатын бір тақырып екені анық.

Тіл білімінің атауларды зерттейтін саласы ономастика, ал адам есімдерін зерттейтін саласы антропонимика деп аталады. Антропонимия – адам есімдерінің жалпы жиынтығы. Яғни бұл мақала қырғыз антропонимиясына арналғанын айтқымыз келеді. Сондай-ақ ұсынып отырған мақалада түркі халықтары мен қырғыз есімдеріндегі өзара ұқсастықтары мен айырмашылықтары туралы мәліметтер беріледі.

Қырғыз антропонимикасы туралы мәліметтер К. Әшіралиевтің, А. Ыдырысовтың, Қ. Дыйқановтың, Ш. Жапаровтың, А.А. Бороновтың, Н.Қ. Қазыевтың, Н.П. Бутенконың, К. Мәмбеталиеваның, Қ. Қалиловтың еңбектерінен байқауға болады. Бұл ғалымдардың зерттеу жұмыстары қырғыз антропонимикасы жайлы мәліметтерге тағы бір үлес қосады деп ойлаймыз.

Бұл мақалаға дейін қырғыз антропонимиясына арналған бірқатар мақалалар, қырғыз антропонимикасы туралы анықтамалар мерзімді ғылыми басылымдарда, кітап баспаларында жарияланған. Айта кетерлік бір жай, түркі халықтарының антропонимикасы мен антропонимиялық құрылымдарының жүргізілген зерттеулерде ұқсастықтар мен мағыналас тұстары көп. Өйткені, туысқан халықтардың есімдері әрқашан қызығушылық тудырған. Бүгінде қырғыздар балаларына жаңа есім таңдағанда басқа түркі халықтарының есімдер тізіміне жүгінеді. Бұған дейін де қырғыздар ұл-қыздарына қазақ, өзбек есімдерін қойған[1]. Осы орайда айта кетерлігі, «халықаралық және мәдениетаралық қатынастардың қазіргі кезеңінде салыстырмалы

лингвистикалық зерттеулерге қызығушылық ерекше қарқынмен артуда. Әсіресе генетика саласында жүргізіліп жатқан зерттеулер күрделі әрі өзара тығыз байланысқан мәселелерді қамтитын маңызды ғылыми бағыт ретінде айқындалып отыр» [2]. Сондықтан қырғыз антропонимиясын басқа түркі халықтарының есімдер жүйесімен салыстыра талдау қазіргі ғылымдағы өзекті бағыттардың бірі болып табылады.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Бұл зерттеуде түркі халықтары мен қырғыз есімдеріндегі өзара ұқсастықтарды анықтау мақсатында салыстырмалы-тарихи әдіс, лексика-семантикалық әдіс, жүйелі-құрылымдық әдістер қолданылды. Салыстырмалы-тарихи әдіс түркі халықтарының антропонимиялық жүйесін тарихи тұрғыдан салыстыра отырып, қырғыз есімдерінің өзге түркі тілдеріндегі есімдермен ұқсастықтарын анықтау үшін пайдаланылды. Ал, лексика-семантикалық әдіс бойынша қырғыз және басқа түркі халықтарының есімдеріндегі ортақ немесе жақын мағыналы элементтері зерттелді. Қырғыз есімдері мен басқа түркі халықтарының есімдерін салыстырып, олардың ортақтығы мен ерекшеліктерін жүйелі түрде талдау үшін салыстырмалы-типологиялық әдіс қолданылды. Есімдердің құрылымдық ерекшеліктерін айқындау және олардың тілдік жүйедегі орнын белгілеу мақсатында жүйелі-құрылымдық әдістің маңызы артты. Бұл әдістер зерттеудің кешенді және ғылыми негізде жүргізілуін ұамтамасыз етіп, түркі халықтарының ономастикалық жүйесіндегі ортақтықтарды анықтауға мүмкіндік берді.

Зерттеу материалы ретінде түркі халықтарының антропонимиясына қатысты ғылыми еңбектер, тарихи деректер мен ономастикалық зерттеулер пайдаланылды. Атап айтқанда, А.С. Жолдошбаевтың «Кыргызские имена», О.Т. Молчанованың «Мотивированные личные имена у алтайцев», Н.И. Шатинованың «К истории алтайских имен», «История Хакасии с древнейших времен до 1917» атты еңбектері, Т.Д. Жанұзақовтың «Очерк казахской ономастики», С.Э. Кенжаеваның «Ўзбек антропонимларининг семантик ва социоллингвистик тадқиқи» секілді зерттеулері басшылыққа алынды. Бұл еңбектер қырғыз есімдерінің шығу тегі мен құрылымын басқа түркі халықтарының антропонимдік жүйелерімен салыстыруда негізгі дереккөз қызметін атқарды.

Нәтижелер мен талқылау

Тіл жағынан қырғыздарға ең жақын халық – алтайлықтар (Оңтүстік Алтай). Қырғыз және Алтай тілдері түркі тілдерінің Таулы Алтай (орталық-шығыс) тобының дербес қырғыз-қыпшақ тобына жататыны белгілі. Дегенмен, бүгінде Қырғыздар мен Алтайлар ұзақ жылдар бойы әр өңірге бөлініп кеткен халықтар. Тілдерінен басқа ұқсастықтары көп, өйткені, кезінде

бұл екі халық бір ұлт болған. Бұл шындыққа ешкім шүбә келтіре алмайды. Олардың түр-түсі де, тілі де, мәдениеті де, ауыз әдебиеті де, этникалық тайпалардың атаулары да, есімдері де ұқсас. Кез келген тіл бірліктерінің қалыптасуы мен мағынасы белгілі бір концептуалдық негізге сүйенеді. Олар ұлттың мәдениетімен, дәстүр-салтымен, діни наным-сенімімен тығыз байланысты. Тіл арқылы ұлттың өмір сүру салты, дүниетанымы мен рухани құндылықтары көрініс табады. Сол себепті тіл бірліктерін ұғыну ұлттық-мәдени деңгейге көтерілмейінше мүмкін емес. Тілді мәдениеттен, тарих пен дәстүрден бөле-жара қарастыру — оның терең мәнін жете түсінбеуге алып келеді.

Молчанова О.Т. «Мотивированные личные имена у алтайцев» атты еңбегінде алтай халқының антропонимиясында көптеген есімдер мағыналық уәжділігімен және түркі халықтарына ортақ қолданыстарымен ерекшеленетінін атап көрсетеді [3]. Автордың пікірінше, антропонимдердің белгілі бір әлеуметтік, тұрмыстық немесе табиғат құбылыстарымен байланысы олардың туыстас халықтарда да ұқсас нұсқада кездесетінін дәлелдейді. Осыған орай, алтай және қырғыз есімдеріндегі ортақтықтарға назар аударайық:

Ер кісі есімдері: Акай-Акай; Аксагал-Аксакал; Айылдаш, Айылчы - Айылчы; Акчабай - Акчабай, Акчабек; Белек-Белек; Байрам-Майрам; Ыргал - Жыргал; Жаманбала, Жолду-Жолдубай; Жаманул-Жаманбала, Жамануул; Жаркын- Жаркынбай, Жаркынбел; Койчы-Койчу, Койчуман; Качкын-Качкын, Качкынбек, Качкынбай; Какай-Какай; Кара, Карабала-Кара, Карабала; Койонок, Кулун-Кулун, Кулунбай; Койончы - Коёнбай, Коёнкөз; Көкүл-Көкүл, Көкүлбай; Кумдузак-Кундузак; Малчы-Малчы; Сарыбаш-Сарыбаш; Сактан-Сактан; Салым-Салымбек; Сарытеке-Теке, Текебай; Темир-Темир; Тойчы-Тойчу; Топчы-Топчу; Тезек-Тезек, Тезекбай; Түлкү-Түлкү, Түлкүбай; Үкү-Үкү, Үкүбай; Чотпор-Чокмор; Чот-Чотбай, Чоткара; Шонкор - Шумкар; Эркелей, Эркемей-Эрке, Эстебе - Эстебес; Эркебай, Эркебек;

Қыздардың есімдері: Акча - Акча, Акчайым; Айылчы - Айыл, Айылда; Айбала - Айдай, Алтынбаш-Алтын; Байрам-Майрам; Жылдыс-Жылдыз; Ыргал - Жыргал; Кумдузак - Кундузак; Карагыс - Каракыз; Карлагаш - Карлыгаш; Койон-Коёнгүл, Коёнкөз; Кумаш-Кумаш; Сырга - Сырга; Сарыкыс - Сарыкыз; Топчы - Топчу, Топчукан; Үкү - Үкү; Ырыспай - Ырыс, Ырыскан; Эркелей - Эрке, Эркайым т.б.[3].

Бәлкім, ерте заманда қырғыздарда да төменде көрсетілген алтайлықтарға ұқсас есімдер болған шығар. Мысалы: Атаган, Алтынчы, Болчокбаш, Жарыкчы, Ирбис (илбирс), Акчач, Анчы (аңшы, мерген), Ийнелик, Кабак, Кичинекей, Көгөн (көген), Кымыс, Мөрөй (Мерей), Саадак, Саныскан (сауысқан), Уктабай, Оймок, Ойынчы, Чечек (гүл), Эстебе т.б.

Алтайлықтардың есімдерінің айтылуы мен мағынасына жүгіну арқылы олардың уәжін анықтауға болады. Алтайлықтардың есім таңдаудағы уәжі қырғыздардың есім таңдау уәжіне ұқсас. Балаларының денсаулықтары жақсы болсын деген ниетпен зоонимдерді (жануар атауларын) қолдану, қалауларына қарай ат қою, мінез-құлқына қарай ат қою, ат қоюдағы баланың дүниеге келуіне байланысты сезімдерін білдіретін ырымдар.

Алтай халқының антропонимиясына қырғыз халқымен жақын туысқандығы бар болған соң зерттеу оны объектісі деп таңдадық. Ежелгі қырғыздар мен алтайлықтар бір халықты құрап, аталған халықтың ата-бабаларымен бір аймақта өмір сүрген.

Шатинова Н. И. «К истории алтайских имен» атты еңбегінде алтайлықтар мен қырғыздардың өзара қарым-қатынасының тереңдігі мен тілдік жақындығын ерекше атап көрсетеді. Зерттеушінің пікірінше, олардың тарихи сабақтастығы Орталық Азия кеңістігінде қалыптасып, көршілес түркі халықтарымен тығыз байланыста дамыған. Әсіресе қазақтар мен өзбектерге жақын орналасуы қырғыз антропонимиясына айрықша әсер етіп, есімдер жүйесінде ұқсастықтар мен сәйкестіктердің пайда болуына ықпал еткен. Мұндай ортақтықтың қалыптасуына мекенжайлардың сабақтастығы, көршілік қарым-қатынас, тарихи оқиғалардың ортақтығы, тіл мен мәдениет жақындығы, ислам дінін бірге қабылдау, сондай-ақ парсы және араб тілдерінің ықпалы себеп болғанын автор нақты көрсетеді [4].

Қазақ тілі түркі тілдерінің ноғай-қыпшақ тобына жатады. Дәстүрлі қазақ антропонимикасы да қырғыз антропонимикасы сияқты бірнеше бөліктерден тұрады: Нағыз түркілік есімдер, қазақ лексикасынан туындаған есімдер, моңғол тілдес халықтармен ортақ есімдер, ислам мәдениеті мен араб-иран тілдерінің ықпалымен қойылған есімдер. Сонымен қатар, қазақ есімдерінің тізімінде ата-ананың балаға деген құдайшылдығы әсерінен, табиғат құбылыстарын бақылаудан, жануарлар атауларынан, ырым-тыйымдарынан, тілегінен, сезімінен туындаған адам есімдері анық кездеседі. Олардың қазақ тіліндегі айтылуы мен мазмұны қырғыз атауларына өте ұқсас. Мысалы: 1) Қазақ есімдері: 2) Қырғыз есімдері: *Тәңіршілдікке байланысты есімдер*: Тәңірберген-Теңірберген, Теңірберди; Егемберді-Әгемберди; *Табиғат пен жаратылысқа байланысты есімдер*. Ақай, Айтуған, Айбала, Айдай, Айкүміс, Айтолқын, Жұлдыз, Жұлдызай-Жылдыз, Жылдызқан; Боран, Боранбай, Бораншы-Бороон, Бооронбай, Бороончу; Толғанай-Ақай, Айбала, Айдай, Айкүмүш, Толгонай; Шолпан-Чолпон; Жетіген-Жетиген; *Жануарлар мен құстардың атауларына байланысты есімдер*: Бүркіт, Бүркітбай-Бүркүт, Бүркүтбай; Бөрі, Бөрібай-Бөрү, Бөрүбай; Киікбай-Кийик, Кийикбай; Қозы, Қозыбай-Козу, Козубай; Құралай-Куралай, Марал-Марал; Қарлығаш-Карлыгач; Тоты-Тоту; Торғай-Торгой.

Өсімдік атауларына байланысты есімдер: Алмагүл-Алмагүл; Бидайбек-Буудайбек; Жамбыл-Жамбыл;

Ата-ананың баланың туылуына байланысты сезімдерінен туған есімдер:

Куан, Куанбай, Куаныш-Кубан, Кубанбек, Кубаныч; Сағын, Сағындык-Сағын, Сағындык;

Арман – тілектерге байланысты есімдер:

Алтын-Алтын; Байбатыр, Байбол, Байгелді-Байбаатыр, Байбол, Байкелди; Болат-Болот; Бекболат, Бекболсын-Бекболот, Бекболсун; Бектұр, Бектұрсын-Бектур, Бектурсун; Тұрсын, Тұрсынай-Турсун, Турсунай; Темір-Темир; Тастан-Таштан; Құттыбай, Құттыбек-Қуттубай, Қуттубек; Күміс-Күмүш, Қымбат-Кымбат; Сұлу, Сұлыхан-Сулуу, Сулуукан; Сымбат-Сымбат; Өмірбек, Өмірзақ-Өмүрбек, Өмүрзақ; Жанұзақ-Жанузақ.

Сенім-ырымдарға байланысты есімдер:

Анарбай, Анарбек-Анарбай, Анарбек; Артық-Артык; Жаманғара-Жаманқара; Сатыбалды, Сатыбек-Сатыбалды, Сатыбек; Тоқтасын-Токтосун; Тұмар-Тумар; Сырға-Сырға.

Этноантропонимдерге (тайпа, ру аттары бойынша) байланысты есімдер:

Алшынбай-Алчынбай; Арғын, Арғынбай-Арғын, Арғынбай; Найманбай, Найманбек-Найманбай, Найманбек.

Ислам дінінің, араб-иран тілдерінің ықпалына байланысты есімдер:

Аббас-Аббас; Әбдіразак-Абдыразак; Әбділда-Абдылда; Әбдіқадыр-Абдықадыр; Әбдірайым-Абдырайым; Гүлғайша-Гүлайша; Жамал-Жамал; Зейнеп-Зейнеп, Шырын-Ширин т.б.

Джанузаков Т. Д. «Очерк казахской ономастики» атты еңбегінде қазақтар мен қырғыздардың тарихи-мәдени жақындығына ерекше мән береді. Ғалымның пікірінше, бұл екі халықтың болмысы, тілі, ұлттық мәдениеті, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрі өзара тығыз байланыста дамып, көптеген ортақ сипаттарға ие болған. Тарихи деректерге сүйенсек, қазақтар мен қырғыздар кезінде қалмақтарға бірігіп қарсы шыққан, көршілес аймақтарда бірге қоныстанып, туыстық қатынастар орнатып, құда түсіп, ортақ той-думандар өткізген [5].

Оған дәлел ретінде қырғыз және қазақ арасында айтылып жүрген төмендегі бір өлең шумағын мысалға келтіруге болады.

Сенин кийгенің ак калпак,

Менин кийгеним ак калпак,

Сенин бетин жапсалпак,

Менин бетим жапсалпак,

Кимибиз кыргыз, кимибиз казак?

Бұл өлеңді екі тілде бірдей айтуға болады.

Түркі мемлекеттері арасында Қырғызстан Қазақстанмен бірге Өзбекстанмен де шекаралас. Сонымен қатар Өзбекстанның аймағында қырғыздар, Қырғызстанның оңтүстік аймағында өзбектер тұрады. Өзбек тілі түркі тілдерінің карлұқтілдері тобына, дәлірек айтсақ, карлұқ-хорезм тобына жататын ұйғыр тіліне жақын тіл. Өзбек тіліне иран тілдері, солар арқылы араб тілі қатты әсер еткен. Диалектілері бойынша өзбек тілі қыпшақ тобы мен оғыз тобына да қатысы бар.

Жақында жарияланған зерттеулерге сүйенсек, түркі халықтарының антропонимиясы тарихи және мәдени тұстар бойынша интер-салыстырмалы талдауды қажет етеді. Мысалы, Абдурахманов С., Асқарова М. мақаласында «өзбек антропонимиясы ғылыми негізде ХІХ–ХХ ғғ. зерттеліп, 1965 жылы Э. Бегматов “O’zbek tili antroponiymiyasy” атты диссертациясын қорғады» деп атап көрсетілген. Бұл өзбек есімдерінің тарихи пластары мен құрылымдық ерекшеліктерін зерттеуде маңызды қадам болды [6].

Қырғыздар антропонимикасы мен өзбектер антропонимиясындағы ұқсас есімдер мен сәйкес антропонимикалық туындыларды мына мысалдар арқылы көруге болады:

1. Өзбек есімдері: 2. Қырғыз есімдері:

Баланың туған жеріне деген қарым-қатынасы мен сезіміне байланысты есімдер:

Меҳмон, Меҳмоной, Меҳмонкелди-Мейман, Мейманалы, Мейманбек, Мейманбай, Меймангүл, Мейманжан; Келдихон, Келсин, Келсиной-Келсин, Келсинай, Келсинкан, Келсинбүбү; Хумор-Кумар; Орзунисо-Арзыкан; Тилаболди-Тилебалды, Тилек; Севиндик, Севинч, Суюндик-Суйүн, Сүйүндүк; Умид, Умида-Үмүт; Кувондик, Кувонч, Кувонтой-Кубан, Кубаныч, Кубанычбек; Яхшилик-Жакшылык. *Эноантропонимдерге (тайпа, ру аттары бойынша) байланысты есімдер:* Найман-Найманбай, Найманбек; Олчин, Олчинбек-Алчын, Алчынбай, Алчынбек; Қипчок-Қыпчак, Қыпчакбай, Қыпчакбек; Қирғиз-Өзбек; Құнғирот-Конурат. *Жануарлар мен құстардың атауларына байланысты есімдер:* Маралжамол-Марал, Акмаралі; Сувсар-Суусар; Қарлигоч-Карлыгач; Кундуз-Кундуз; Тұти-Тоту, Тотукан; Тұрғай-Торгой.

Өсімдік атауларына байланысты есімдер:

Атиргул-Атыргул; Райхон-Райкан; Бодомгул-Гүлбадам;

Сенім-ырымдарға байланысты есімдер:

Ырым-тыйымдарға байланысты есімдер:

Анорбой, Анора-Анар, Анарбек, Анарбай; Тожи, Тожигул-Таажыгул, Таажыкан; Ёмонбола, Ёмонкул-Жаманбала, Жаманкул; Булакбой-Бөлөкбай; Тұхтасин-Токтосун; Ортик-Артык.

Арман – тілектерге байланысты есімдер:

Ботир-Баатыр; Умрзоқ-Өмүрзак; Омон-Аман; Кутли, Кутликелди-

Куттубай, Куттубек; Кумуш-Күмүш; Тошбой-Ташбай; Пұлат-Болот; Темир-Темир; Турсун-Турсун; Турғун-Тургун; Тұра-Төрө; Ёрқиной-Жааркынай; Эсон-Эсен.

Табиғат пен жаратылысқа байланысты есімдер:

Довулбой-Добул, Добулбек; Юлдуз-Жылдыз; Ойтұлди, Ойтүлік - Айтолду, Толгонай.

Ислам дінінің, араб-иран тілдерінің ықпалына байланысты есімдер:

Абдулкарим-Абдыкерим; Абдулжаббор-Абдыжапар; Ахмад-Акмат; Абдулқодир-Абдыкадыр; Асал-Асел; Гулжамол-Гүлжамал; Гулшод-Гүлшат; Жамол-Жамал, Зайнаб-Зейнеп, Сафар-Сапар; Ширин-Ширин ж.б.

Нафасов Т., Маркаев М. «Ономастика Узбекистана» еңбегінде өзбек этноантропонимдерінің қалыптасу ерекшеліктерін жан-жақты талдап көрсетеді. Авторлардың пайымдауынша, қырғыз және өзбек антропонимиясында көптеген ұқсастықтар бар, алайда өзбек есімдерінде иран және араб тілдерінің ықпалы айқынырақ байқалады [7].

Алтай, қазақ, өзбек антропонимиясынан басқа, қырғыз антропонимиясының басқа түркі халықтары антропонимикасымен (ислам дінінің ықпалымен пайда болған атауларды қоспағанда) бірқатар ұқсастықтары бар. Мысалы:

Башқұрт есімдері: Сулпан (Чолпон), Йондоз (Жылдыз), Нағындык (Сағындык), Торһон (Турсун), Ылыу (Сулуу), Юлдыбай;

Қарашай – Балқар есімдері: Къочхар, Къозу, Тюлкю, Бёрю, Жулдуз, Къундуз, Бекболат

Қырым Татарлары есімдері: Байрам, Батыр, Бекташ, Бектемир, Улан, Умер, Кенжегуль;

Ногай есімдері: Байдемир, Кенжеболат, Кобккобз, Оьмирбек, Суьйиндик, Темирбек, Йибек, Куьмис, Алтын, Юлдыз;

Татар есімдері: Чулпан, Йолдыз, Айсылу, Куандык, Торсын, Алтын, Таштимер, Батыр, Котлыбай, Юлбарыс, Карлыгач, Миңлебай;

Тувалықтардың есімдері: Белек, Маадыр (Баатыр), Мерген, Алдын-оол, Алдын-кыс, Каракыс, Моңгуш;

Түрік есімдері: Aydan, Baykara, Bahadır, Gülsün, Demir, Dilek, Deniz, Dolanay, Dursun, Durdu, İpek (Жібек), Yiğit;

Құмық есімдері: Акъай, Атабай, Атай, Батыр, Бектемир, Болат, Къанболат;

Хакас есімдері: Ағбай, Айдолай, Мирген, Хара, Харахыс, Өртек (Өрдөк), Нохай (Ногой-ит), Суна (Чоно-бөру);

Тувалықтардың есімдері: Белек, Маадыр (Батыр), Мерген, Ак-оол, Алдын-оол, Кара-оол, Алдын-кыс, Кара-кыс ж.б.

Ежелгі дәуірдегі есімдер жануарларға, құстарға, табиғат

құбылыстарына, өсімдіктерге, заттар мен бұйымдарға, ежелгі адамдардың есімдеріне, адамдардың сыртқы белгілеріне байланысты болған. Мысалы:

Бугу, Бағыш, Жолборс, Кундуз, Суусар, Бүркүт, Жапалак, Үкү, Кекилик, Торгой, Жылдыз, Чолпон, Ай, Арча, Балта, Кылыч, Курмушу, Чокмор, Орок, Темир, Таш, Алтын, Күмүш, Дөөлөс, Найман, Кыпчак, Акуул, Кара, Сары, Аккөз т.б.

Бірқатар есімдердің мағынасы уақыт өте келе архаикалық сипат алғандықтан, қазіргі кезеңде түсініксіз болып қалады. Мұндай атау элементтері антропонимдерге кейінгі дәуірлерде қосылды деген тұжырымдар бар. Мысалы: Барсбек, Ынанчу Алп Билге, Ынанчу Чур, Эрен Улук, Алп Сол, Бойла Кутлуг Ярган, Угечи Кашка және т.б.

Бірте-бірте ислам дінінің ықпалымен қырғыздар арасында да араб және иран тілдес халықтардың аттары тарала бастады. Мысалы:

Аалы, Абдыракман, Мухаммед, Бакыт, Жалил, Жамал, Бермет, Дөөлөт, Керим, Сапар т.б.

Кеңес дәуірінде орыстардың ықпалымен және жаңа коммунистік саясатқа сай қырғыз лексикасы мен араб-иран лексикасы негізінде жаңа есімдер пайда болды. Мысалы:

Азат, Азада, Эркин, Үрүят, Кеңеш, Кеңешгүл, Теңдик, Мелис, Марлен, Совет, Советкан сияқты есімдер. Оларға кейінге кездерде орыстар арқылы: Элвира, Элеонора, Лилия, Лира, Клара, Мая, Эрнис, Марат, Мелис, Роза, Талант сияқты есімдер қосылған.

Сонымен қатар, түркі тілдеріндегі антропонимдердің араб-парсы әсеріне мән берген зерттеулер бар. Мысалы, «Comparative analysis anthroponomy in kazakh, kyrgyz, uzbek and tatar languages» атты мақалада ежелгі астрологиялық мотивтер — Ай, Күн, Жұлдыз, жартас, жануарлар және қасиетті сандар негізінде құрылған есімдер жүйелері салыстырмалы түрде қарастырылады [8]. Бұл тәсіл қырғыз антропонимиясы мен басқа түркі халықтарының есімдік модельдерін салыстыруға мүмкіндік береді.

Қырғыз есімдері ертеде халық арасында балаларға қойылатын белгілі бір салт-дәстүрлерге де байланысты болған. Балаға ат қойғанда ата-ананың, туған-туыстың тілегі мен сезімдері ескеріліп, жағымды мінез қалыптастыруға күш салынды, баланың жеке қасиеттері танылып, оларға ырымдап есім беру де қалыптасты. Мысалы:

Актилек, Жакшылык, Аман, Эсен, Турсун, Тургун, Жанузак; Сүйүндүк, Сагындык, Кубаныч; Баатыр, Эрболот, Адилет, Мырза, Мырзайым; Сары, Карачач, Такырбаш, Аккөз, Көккөз; Бечел, Анар, Нышан, Артык, Барктабас, Сырга, Топчу, Жаманбала, Сатыбалды, Бөлөкбай, Токтокан, Токтобек, Болдукан, Бурулай, Уулай, Умсунай, Бешкемпир т.с.с.

Қырғыздардың балаға есім қою дәстүрі күні бүгінге дейін сақталып келеді. Әрине, қазіргі кезде кейбір дәстүрлер ұмытылып, заман талабына

сай болмаса да, мүлде жойылмаған, кей жерлерде әлі күнге дейін сақталып келеді.

Түрікмен, әзірбайжан, қарақалпақ, ұйғыр есімдерінде ұқсастық та азды-көпті кездеседі, бірақ якут және чуваш антропонимиясында ондай ұсастықтар жоқтың қасы. Өйткені якут және чуваш тілдері түркі тілдерінен біршама ерекшеленеді. Чуваштардың ұлттық антропонимикасы (татар антропонимикасының әсерін есепке алмағанда) ерекше көзге түседі. Якуттардың ұлттық антропонимикасы сақталмаған дерлік. Олардың есімдеріне христиан діні мен орыс тілі айтарлықтай әсер еткен.

Буддизмнің ықпалын тувалықтардың есімдерінің тізімінен көруге болады. Молдавиядағы гагауздар христиан дінін қабылдағаннан кейін олардың есімдері негізінен грек және болгар антропонимиясынан алынған. Түрік және гагауз лексикасы арқылы жасалған есімдері жоқтың қасы.

Зерттеуші Ә.Қайдар: «Қазақ және қырғыз тілдерінде, жалпы түркі тілдерінде ертеден сақталып, бүгінгі күнге дейін күнделікті өмірде жан-жақты қызмет атқарып келе жатқан сөздер қатары мол» деп атап көрсетеді [9]. Шындығында, қырғыздар мен жоғарыда аталған түркі халықтарының есімдерінің айтылуында, мағынасында және уәжінде ұқсастықтар бар екені даусыз. Біздің келтірген мысалдар тек айтылым ерекшеліктерін ғана қамтиды. Ал жалпы түркі тілдерінің лексикасында, уәждік негіздерінде, сондай-ақ діни ықпалында ортақтық әлдеқайда мол. Мұндай ұқсастықтарды сөздіктерден де айқын көруге болады. Осы тұрғыдан алғанда, «түркі тілдерінің ортақ сөздіктерін ортақтықтардың басты көрсеткіші әрі қоры» деуге болады [10].

Түркі халықтарының құрамына енетін тофаларға арнайы тоқталып өтейік. Тофалар (бұрын қарағас — қара қаздың тотемдік атауынан шыққан) — Ресейдің Сібір бөлігіндегі Иркутск облысы, Нижнеудинск ауданында тұратын түркі халықтарына кіретін халық. 2010 жылғы халық санағы бойынша 800 адам болды. Тофа тілі шығыс түркі тілдерінің саян тобына жатады. Ресейде аз ғана халық ретінде тіркелген тофалардың антропонимиясы туралы мәліметтер өте аз.

20 ғасырдағы Қазан төңкерісіне дейін тофа халқы 8 тайпадан тұрған: Қара-Йогду (Қара-Чогду), Чогду (Ақ-Чогду), Четпей, Қара-Қаш, Түрік-Қаш (Түрік), Ірге-Қаш (Ірге), Тенек-Қаш (Тенек), Сары-Хаш. Осылармен бірге Туулай атты дербес аталық топ та (бір атадан тараған әулет топтарының одағы) аталады. Тофалардың ақсақалдары өздерінің фамилиясының қай атаға жататынын, әкесінің аты қай тайпаға жататынын хабардар. Мысалы:

Қара-йогду тайпасының құрамында Тайгааалы, Хого-аалы, Отрум-аалы, Мұхай-аалы;

Чогду тайпасының құрамына Амоштай-алы, Мұхай-алы, Тобулай-алы, Буучей-алы, Кіштея-алы, Хикий-алы, Балыхай-алы, Мамоқай-алы есімдері

кірген. Басқа рулар да осындай аталық есімдерге бөлінеді.

Патронофамилиялар әкесінің аты, тектерге бөлінеді, мысалы:

Тайға-алы әкесінің аты Токуевтар, Унгуштаевтар;

Хого-алы әкесінің аты Арантаевтар, Изотовтар, Бақанаевтар болып бөлінеді. Екінші жағынан, тофа тайпалары мен әкесінің аты туралы сақталған мәліметтер қырғыздардың шежіресіне біршама ұқсас.

Орыстар келгенге дейін тофалар буряттармен тығыз байланыста болған, дәлірек айтсақ, батыс бурят княздарына бағынып, алым-салық төлеп отырған. Олар 1648 жылдан бастап олар Ресейдің қол астына өткен. Бүгінде тофалар әр түрлі халықтардың қысымына ұшырап бұрынғы жерлерінен айырылып, қазіргі шағын ауданға қоныстанған шағын халық. Тофалардың аз санына бір уақыттарда кейбір эпидемиялар әсер еткен болуы мүмкін.

1926 жылғы санақ бойынша жалпы саны небәрі 417 адам болған.

Қазан төңкерісіне дейін тофаларды орыстар шомылдырып, шоқындыру рәсімінен өтуге мәжбүр етті. Олар христиан халықтары құрамына енді, олардың ресми есімдері орыс тілінде тіркелген. Олардың дәстүрлі діни нанымдары анимизм, шаманизм және тотемизммен сипатталады, ламаизм (буряттардан) туралы да кейбір мәліметтер бар.

Орыс ғалымы Игорь Рассединнің пікірінше, тофалардың атын ресми тіркеу кеңестік кезеңде де (1930 жылдардан бастап) тегі, аты, әкесінің аты бойынша орысша жалғасты. Бұған дейін ұлттық сипаттағы есімдер: Синай Шыпшир оглы, Огдойн (Авдотя) Шыпшир қызы. Тегі орысша жасағанда аталарының атын алған, мысалы: Изоттың немересі Изотов фамилиясын, Адамның немересі Адамов фамилиясын алған, т.б.

Тофалардың фамилиялары да әкесінің аты-жөнімен аталған. Мысалы: Сағаан, Құсай, Туулай, Муухай, Болхой әкесінің аты Сағанов, Құсаев, Тулаев, Мұхаев, Болхоев есімдерінен туған. Бүгінгі таңда тофалардың бұрынғы ұлттық антропонимиясының мысалдарынан ұқсас фамилияларды көруге болады. Сонымен қатар, антропонимдік мысалдарды өз заманында жазылған тофалардың ертегілерінен де көре аламыз. Мысалы:

«Көшпелі аңшы» ертегісінде аңшының аты Қуламай, әйелінің аты Маймаяк, Мунго деген ер адам, Халыай әйел, Мәрікпай бақсы оларға жақын маңда тұрады; «Жаман Ұлызұн хан» ертегісіндегі ханның аты, аты айтып тұрғандай, Ұлызұн.

Айта кетерліктей, тофалар туралы халық ертегілерінің арасында «Тофалардың пайда болуы» туралы әңгімесі бар. Мысалы: «Бірі бурят, екіншісі тува, үшіншісі татар еді. Олар балық аулау және аңшылықпен өмір сүрді. Кейінгі кездерде жабайы маралды қолға үйретіп, маралды көбейтіп, азық-түлік, киім-кешек көбейген соңбір топ халық болып қалыптасты».

Олар да үш тайпаға бөлінеді. Бірінші тайпа Удаға, екіншісі Ияға, үшіншісі Гутараға қоныстанды. Тофа халқы осылайша пайда болды. Татар

– хакастар өздерін тадар деп атаған, кейін оларды орыстар Минусинск, Абакан, Енисей татарлары деп атаған. Оларды тофалар да солай атаған.

Мұндай деректерді көптеген ертегілерде кездесетін этнографиялық мәліметтерді көруге болады: Мысалы: 1) Қай халықтар бір-бірімен тығыз байланысты; 2) Адамдардың өмір сүруінің негізі; 3) Адамдардың қоныстанған жері.

Тарихи, этнографиялық, лингвистикалық деректерге сүйенер болсақ, тофалардың бұрынғы антропонимикасы тувалар мен хакастардың антропонимиясына ұқсас болған. Соңғы уақыттарда бурят, сонан соң орыс тілі мен антропонимикасы әсер еткен деген тұжырым бар.

Соңғы жылдардағы сауалнамаға сүйенер болсақ, тофа халқының 16 пайызы ғана өз ана тілін біледі. 1990 жылдан бері тофа тілін сақтау үшін бірқатар жұмыстар жүргізілді, бірақ тофа тілі жойылып бара жатқан тілдердің бірі деп айтуға болады.

Қорытынды

Осы уақытқа дейін келтірілген мәліметтерге сүйенер болсақ, қырғыз есімдерінің тарихы көне дәуірден, дәлірек айтсақ біздің дәуірімізге дейінгі бірнеше ғасырлардан бастау алып, бүгінгі күнге дейін жалғасып келеді.

Қырғыз халқы түрлі тарихи жағдайлар мен өзгерістерге тап болса да өзінің дәстүрлі сипатын жоғалтпай, түркі халықтары мен қырғыз ұлтына қатысты өзіндік ерекшеліктерін күні бүгінге дейін сақтап келеді. Алайда қырғыз антропонимикасы ешқашан тұйық жүйеде болған емес. Ұлттық есімдер тізімі басқа халықтар мен мәдениеттер есебінен толықтырылды. Қазіргі қырғыз антропонимикасы бірнеше қабаттан тұратын жүйе деуге болады.

Бүгінгі дәстүрлі қырғыз антропонимикасы көне түркі, нағыз қырғыз есімдерінен, моңғол тілдес халықтармен ортақ есімдерден, ислам дінінің ықпалымен пайда болған араб, иран тілдес халықтардың есімдерінен тұрады. Қырғыз антропонимиясында дәстүрлі есімдерінен басқа, орыс тілінің әсерінен пайда болған еуропалық және басқа халықтардың есімдері болып табылатын тағы бір дербес шағын топ бар екенін ғылыми негізде зерделенген зерттеу жұмыстары дәлелдейді.

Мақаламыз әрбір ұлттың есім қоядағы салт-дәстүрінің сақталуына өз үлесін қосады деген пікірдеміз.

Әрбір ұлттың ұлттық антропонимиясында жалпы есімдер тізімі бар. Қырғыз есімдерінің қоры 20 мыңнан астам есімдерден тұрады. Қырғыз халқы есімдерге бай халық деп айта аламыз. Ол жайында бұл мақаламызда ұлттық нақышы бар есімдерден де мысалдар берілген. Келтірілген мысалдарда дәстүрлі есімдермен қатар жаңа есімдер де бар. Бұл мақаламыз

арқылы түркі халықтарымен қатар қырғыз антропонимикасы жайында аз да болса мәлімет бере алдық деп ойлаймыз.

Жүргізілген зерттеу нәтижесінде қырғыз антропонимдерінің тарихи қалыптасу кезеңдері анықталып, қазіргі есімдердің көпқабатты құрылымы сарапталды. Түркі халықтарының ортақ есімдік қоры негізінде қырғыз антропонимиясының өзіндік ерекшеліктері мен ортақ белгілері көрсетілді, сондай-ақ фольклор мен эпостық дәстүрдің қазіргі заманғы есімдер жүйесіне ықпалы дәлелденді. Алдағы уақытта қырғыз есімдерінің аймақтық-диалектілік ерекшеліктерін анықтау, заманауи әлеуметтік факторлардың ықпалын талдау және антропонимдерді цифрлық базаға енгізу арқылы кең ауқымды салыстырмалы зерттеулер жүргізу қажеттілігі туындайды. Бұл бағыттар түркі халықтарының мәдени сабақтастығы мен тарихи тамырластықты тереңірек тануға мүмкіндік беретіні сөзсіз.

ӘДЕБИЕТ

[1] Жолдошбаев А. С., Иманов Ж. Б. Кыргызские имена. – Жалал-Абад: «Полиграфия ааламы» ЖИ, 2010. – 96 с.

[2] Сатенова С. К., Алшинбаева Ж. К. Contemporary approaches to phraseological studies // Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӨТУ Хабаршысы. Филология ғылымдары сериясы. – 2024. – Т. 73, № 2. – Б. 149-163. DOI: 10.48371/PHILS.2024.73.2.011.

[3] Молчанова О. Т. Мотивированные личные имена у алтайцев / Личные имена в прошлом, настоящем, будущем: проблемы антропонимики. – Москва, 1970. – С. 189–194.

[4] Шатинова Н. И. К истории алтайских имен / Этнография имен. – Москва, 1971. – С. 65–70.

[5] Джанузаков Т. Д. Очерк казахской ономастики. – Алма-Ата: Наука, 1982. – 176 с.

[6] Abdurahmanov S. A., Askarova M. B. Historical Anthroponymis of the Uzbek Language (Based on Salohiddin Tashkendi's "Temurnoma") // Theoretical & Applied Science. – 2020. – №11(91). – P. 338–342. DOI: 10.15863/TAS. <https://dx.doi.org/10.15863/TAS.2020.11.91.70>

[7] Нафасов Т., Маркаев М. Узбекские этноантропонимы // Ономастика Узбекистана. Сб. тез. II респ. научно-практ. конф.— Карши, 1989.— С. 136–139.

[8] Rysbayeva G., Issayeva Zh., Tattibayeva A. Comparative analysis anthroponomy in kazakh, kyrgyz, uzbek and tatar languages // European Journal of Natural History. – 2018. – № 2 – P. 49-52. <https://world-science.ru/en/article/view?id=33858>

[9] Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде: этнолингвистикалық сөздік. 1-том. Адам. – Алматы: Дайк-Пресс, 2009. – 784 б.

[10] Рахимова Д. Б., СадыковТ. С. Қазақ және қырғыз тілдеріндегі туыстық атаулардың тілдік мәдени көрінісі және ерекшеліктері // Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӨТУ Хабаршысы. Филология ғылымдары сериясы. – 2024. – Т. 75, № 4. – Б.199-213. DOI: 10.48371/PHILS.2024.4.75.013.

REFERENCES

- [1] Zholdoshbaev A. S., Imanov Zh. B. Kyrgyzskie imena [Kyrgyz names]. – Zhalal-Abad : «Poligrafija aalamy» ZhI, 2010. – 96 s.[in Rus.]
- [2] SatenovaS. K., AlshinbaevaZh. K. Contemporary approaches to phraseological studies // Abylaj han atyndagy KazHKzhaneATU Habarshysy. Filologija gylymdary serijasy. – 2024. – Т. 73, № 2. – P.149-163. DOI: 10.48371/PHILS.2024.73.2.011.
- [3] Molchanova O. T. Motivirovannye lichnye imena u altajcev [Altaians have motivated personal names] / Lichnye imena v proshlom, nastojashhem, budushhem: problemy antroponomiki. – Moskva, 1970. – S. 189–194. [in Rus.]
- [4] Shatinova N. I. K istorii altajskih imen [Towards the history of Altaic names] / Jetnografija imen. – Moskva, 1971. – S. 65–70. [in Rus.]
- [5] Dzhanuzakov T. D. Oчерк kazahskoj onomastiki [An essay on Kazakh onomastics]. – Alma-Ata: Nauka, 1982. – 176 s. [in Rus.]
- [6] Abdurahmanov S. A., Askarova M. B. Historical Anthroponymis of the Uzbek Language (Based on Salohiddin Tashkendi’s “Temurnoma”) // Theoretical & Applied Science. – 2020. – №11 (91). – P. 338–342. DOI: 10.15863/TAS. <https://dx.doi.org/10.15863/TAS.2020.11.91.70>
- [7] Nafasov T., Markaev M. Uzbekskie jetnoantroponimy [Uzbek ethnoantroponyms] // Onomastika Uzbekistana. – Karshi, 1989. – S. 133–139. [in Rus.]
- [8] Rysbayeva G., IssayevaZh., Tattibayeva A. Comparative Analysis Anthroponomy in Kazakh, Kyrgyz, Uzbek and Tatar Languages // European Journal of Natural History. – 2018. – № 2 – P. 49-52. <https://world-science.ru/en/article/view?id=33858>
- [9] Kajdar A. Kazaktar ana tili aleminde [Kazakhs in the world of their native language]: jetnolingvistikalyk sozdik. 1-tom. Adam. – Almaty : Dajk-Press, 2009. – 784 b. [in Kaz.]
- [10] Rahimova D. B., SadykovT. S. Kazak zhane kyrgyz tilderindegi tuystyk ataulardyn tildik madeni korinisi zhane ereksheelikleri [Linguistic cultural expression and features of cognate names in the Kazakh and Kyrgyz languages] // Abylaj han atyndagy KazHK zhane ӨТУ Habarshysy. Filologija gylymdary serijasy. – 2024. – Т. 75, № 4. – Б.199-213. DOI: 10.48371/PHILS.2024.4.75.013. [in Kaz.]

ВЗАИМНОЕ СХОДСТВО В ИМЕНАХ ТЮРКСКИХ НАРОДОВ И КЫРГЫЗОВ

Курбанов А.Г.¹, Кажиақбарова Р.Б.², *Арынбаева Д.Ж.³

^{1,2, *3} Южно-Казахстанский педагогический университет имени
О. Жанибекова, Шымкент, Казахстан

Аннотация. Данное исследование направлено на выявление исторических, культурных и лингвистических связей в антропонимической системе тюркоязычных народов. В статье подробно рассматриваются взаимные сходства между тюркскими народами и системой имен кыргызского народа. Анализируется, что общие исторические корни и культурные ценности тюркоязычных народов широко отражаются в системе имен. Основная цель исследования – определить их духовную и культурную близость, историческую преемственность путем дифференциации общих черт и различий, сравнивая происхождение и структуру кыргызских имен с системами имен других тюркских народов. Основная идея состоит в том, чтобы показать, что подобные морфологические и семантические структуры часто встречаются в антропонимическом фонде тюркских народов. Задачи исследования – выявить происхождение и структуру кыргызских антропонимов; определить общие и отличительные черты в сравнении с именными системами тюркских народов; проанализировать историко-культурное и этнолингвистическое значение имён; показать влияние фольклора и эпической традиции на современную систему имён.

В исследовании использовались сравнительно-исторические, описательные и этнолингвистические методы. Проведен обзор имен тюркских народов (казахских, узбекских, турецких, азербайджанских, татарских, башкирских и др.), проведен сравнительный анализ имен кыргызских. Например, различные варианты имен «Жылдыз», «Тенгирберген», «Байрам», «Омирбек», «Беркут» встречаются в фондах местоимений разных тюркских народов. Также обращено внимание на влияние имен в героических былинах и образцах фольклора на современную систему имен. Наиболее распространенные корни имен семантические сходства и этнические коды стали предметом изучения.

Исследование показало высокую степень сохранности древнетюркских элементов в кыргызских именах и доказало, что многие имена имеют общее применение в тюркских народах. Научная и практическая значимость работы заключается в том, что она позволяет глубже понять тюркскую культуру, ономастические процессы, историческую укорененность. В ходе исследования показано, что имена являются зеркалом не только имени, но и определенного исторического периода, эпохального сознания, национального бытия.

Ключевые слова: тюркские народы, киргизские имена, ономастика, историческая связь, антропонимия, значение имен, сходство имен, этнолингвистика

MUTUAL SIMILARITY IN THE NAMES OF THE TURKIC PEOPLES AND THE KYRGYZ

Kurbanov A.G.¹, Kazhiakbarova R.B.², * Arynbayeva D.Zh.³

^{1,2, *3} South Kazakhstan Pedagogical University named after O. Zhanibekov
Shymkent, Kazakhstan

Abstract. This study is aimed at identifying historical, cultural and linguistic links in the anthroponymic system of the Turkic-speaking peoples. The article examines in detail the mutual similarities between the Turkic peoples and the Kyrgyz naming system. The analysis shows that the common historical roots and cultural values of the Turkic-speaking peoples are widely reflected in the naming system. The main purpose of the study is to determine their spiritual and cultural affinity, historical continuity by differentiating common features and differences, comparing the origin and structure of Kyrgyz names with the name systems of other Turkic peoples. The main idea is to show that similar morphological and semantic structures are often found in the anthroponymic fund of the Turkic peoples. Research objectives include identifying the origin and structure of Kyrgyz anthroponyms, determining common and distinctive features in comparison with the naming systems of Turkic peoples, analyzing the historical, cultural, and ethnolinguistic significance of names, demonstrating the influence of folklore and epic tradition on the modern naming system.

Comparative historical, descriptive, and ethnolinguistic methods were used in the study. A review of the names of the Turkic peoples (Kazakh, Uzbek, Turkish, Azerbaijani, Tatar, Bashkir, etc.) has been conducted, and a comparative analysis of Kyrgyz names has been conducted. For example, various variants of the names «Zhyldyz», «Tengirbergen», «Bayram», «Omirebek», «Berkut» are found in the funds of pronouns of different Turkic peoples. Attention is also drawn to the influence of names in heroic epics and folklore samples on the modern naming system. The most common roots of names, semantic similarities and ethnic codes have become the subject of study.

The study showed a high degree of preservation of ancient Turkic elements in Kyrgyz names and proved that many names have a common use in Turkic peoples. The scientific and practical significance of the work is in the fact that it allows for a deeper understanding of Turkic culture, onomastic processes, and historical roots. The study shows that names are a mirror not only of a name, but also of a certain historical period, epochal consciousness, and national existence.

Keywords: Turkic peoples, Kyrgyz names, onomastics, historical connection, anthroponymy, meaning of names, similarity of names, ethnolinguistics

*Мақала түсті / Статья поступила / Received: 05.03.2025.
Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted: 25.09.2025.*

Авторлар туралы мәлімет:

Құрбанов Ағапаша Гуләліұлы – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, e-mail: agapasha.kurbanov.67@bk.ru,

Кажиақбарова Раушан Батыршаевна – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, e-mail: raushan.kazhiakbarova.75@mail.ru,

Арынбаева Дильдакуль Жанайдаровна – педагогика ғылымдарының магистрі, докторант. Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, e-mail: dildagul.aryn@mail.ru,

Информация об авторах:

Курбанов Агапаша Гулалиевич – кандидат филологических наук, доцент Южно-Казахстанский педагогический университет имени Узбекали Жанибекова, e-mail: agapasha.kurbanov.67@bk.ru

Кажиақбарова Раушан Батыршаевна – кандидат филологических наук, доцент Южно-Казахстанский педагогический университет имени Узбекали Жанибекова, e-mail: raushan.kazhiakbarova.75@mail.ru

Арынбаева Дильдакуль Жанайдаровна – магистр педагогических наук, докторант Южно-Казахстанский педагогический университет имени Узбекали Жанибекова, e-mail: dildagul.aryn@mail.ru

Information about the authors:

Kurbanov Agapasha Gulalievich – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor. South Kazakhstan Pedagogical University named after Uzbekali Zhanibekov, e-mail: agapasha.kurbanov.67@bk.ru

Kazhiakbarova Raushan Batyrshaevna – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor. South Kazakhstan Pedagogical University named after Uzbekali Zhanibekov, e-mail: raushan.kazhiakbarova.75@mail.ru

Arynbaeva Dildakul Zhanaidarovna -Master of Pedagogical Sciences, doctoral student. South Kazakhstan Pedagogical University named after Uzbekali Zhanibekov, e-mail: dildagul.aryn@mail.ru